

Бөрлі ауданы бойынша 2012 жылға арналған салық ставкаларын және біржолғы талондардың құнын

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 27 желтоқсандағы № 33-4 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 19 қаңтарда № 7-3-123 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 8-5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихаттың 2012.12.14 № 8-5 Шешімімен

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес Бөрлі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жер салығының ставкалары 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандардың қызмет түрлерінің біржолғы талондардың құны 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.
3. Базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны 3 қосымшаға сәйкес белгіленсін.
4. Тіркелген салықтың ставкалары 4 қосымшаға сәйкес белгіленсін.
5. Осы шешімнің орындалуына бақылау аудандық мәслихаттың бюджет және экономика жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.
6. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқық қатынастарына таратылады.

Бөрлі

аудандық

мәслихатының

2011

жылғы

27

желтоқсандағы

№ 33-4 шешіміне 1 қосымша

Жер салығының ставкалары

1. Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 387 бабы негізінде, елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп жерлеріне салынатын базалық салық ставкалары бір гектарға шаққанда, бонитет балына барабар Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 383 бабымен белгіленген базалық салық ставкасынан 50%-ға жоғарылатылсын.

2. Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 387 бабы негізінде, елді мекендердің жерлеріне (үй іргесіндегі жер учаскелерін қоспағанда) салынатын базалық салық ставкалары (теңге) Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 381 бабында белгіленген базалық салық ставкасынан 30%-ға жоғарылатылсын.

Бөрлі

аудандық

мәслихатының

2011

жылғы

27

желтоқсандағы

№ 33-4 шешіміне 2 қосымша

Қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын**Қазақстан Республикасының азаматтары мен****оралмандардың қызмет түрлерінің****біржолғы талондардың құны**

№	Қызмет түрлері (барлық базарларда)	Бір күндік төлемақы (теңгемен есептегенде)
1	Бір сауда орнынан сату (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда):	
	1) Газеттер мен журналдар	150
	2) Тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материал (екпелер, көшет), бақша дақылдары	150
	3) Саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдер	150
	4) Қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдері	150

